

Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2019 жылғы 19 қарашадағы № 200 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2025 жылғы 7 қазандағы № 88 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі техникалық реттеу туралы хаттаманың (Еуразиялық экономикалық одақ жөніндегі 2014 жылғы 29 мамырдағы шартқа тіркелген № 9 қосымша) 4-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның қызмет регламентіне тіркелген № 2 қосымшаның 5-тармағына сәйкес, Еуразиялық экономикалық комиссия алқасы **пешті**:

"Қолдану нәтижесінде Еуразиялық экономикалық одақтың "Өрт қауіпсіздігін және өрт сөндіруді қамтамасыз ету құралдарына қойылатын талаптар туралы" техникалық регламентінің (ЕАЭО ТР 043/2017) талаптарының орындалуын ерікті түрде қамтамасыз ететін халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың тізбесі туралы, сондай-ақ, Еуразиялық экономикалық одақтың "Өрт қауіпсіздігін және өрт сөндіруді қамтамасыз ету құралдарына қойылатын талаптар туралы" техникалық регламентінің (ЕАЭО ТР 043/2017) талаптарын қолдануға және орындауға қажет сынама алу қағидаларын қамтитын және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалау үшін қажет зерттеулерді (сынақтарды) және өлшеулерді жүргізудің қағидалары мен әдістерін қамтитын халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың тізбесі туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2019 жылғы 19 қарашадағы № 200 шешіміне қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

Осы Шешім ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 180 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Б. Сағынтаев

Еуразиялық экономикалық
комиссия алқасының
2025 жылғы 7 қарашадағы
№ 88 шешіміне
ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының 2019 жылғы 19 қарашадағы № 200
пешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР**

1. Көрсетілген Шешіммен бекітілген, қолдану нәтижесінде Еуразиялық экономикалық одақтың "Өрт қауіпсіздігін және өрт сөндіруді қамтамасыз ету құралдарына қойылатын талаптар туралы" техникалық регламентінің (ЕАЭО ТР 043/2017) талаптарының сақталуын ерікті түрде қамтамасыз ететін халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың тізбесі:

а) мынадай мазмұндағы 50¹ жаңа позициясымен толықтырылсын:

"

50 ¹	V бөлімнің 27-тармағы, қосымшаның 16-тармағы	штабтық өрт сөндіру көліктері	МемСТ 34350-2017 5.1.1, 5.1.2, 5.1.12 – 5.1.14, 5.1.16, 5.1.17, 5.2.20, 5.2.23, 5.3.2, 5.3.6, 5.3.22, 5.4.1, 5.4.18, 5.4.20, 5.4.21, 5.4.22, 5.4.24, 5.5.4, 5.5.5, 5.10.3, 5.10.7, 5.11.14, 5.14.2 тармақтары "Өрт техникасы. Негізгі өрт сөндіру көліктері. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері"	01.05.2026 жылдан бастап қолданылады
-----------------	--	-------------------------------	---	--------------------------------------

"

б) мынадай мазмұндағы 137¹ позициясымен толықтырылсын:

"

137 ¹	V бөлімнің 42–47, 49-тармақтары, қосымшаның 60-тармағы	өрт сөндірушілерге арналған сүзгіш тыныс алу және көру ағзаларын жеке қорғау құралдары	Ресей МемСТ 58716-2019 5.1, 5.2.1, 5.3 – 5.8 тармақтары "Өрт техникасы. Ашық ауада табиғи өрттерді сөндіру кезінде қолданылатын, тыныс алу және көру органдарын қорғайтын, өрт сөндіруге арналған сүзгілейтін респираторлар. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері"	01.03.2028 жылға дейін қолданылады
------------------	--	--	---	------------------------------------

"

в) XVI бөлім келесі редакцияда жазылсын:

"

XVI. Өрт сөндірушілердің қосымша жарактары				
189			Ресей МемСТ 53270-2009 5.1 – 5.12 тармақтары "Өрт техникасы. Өрт сөндіруге арналған шамдар. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері"	01.03.2026 жылға дейін қолданылады
190	V бөлімнің тармағы, қосымшаның тармағы	63-84- өрт сөндіруге арналған шамдар	МемСТ 4677-82 2.2 – 2.4, 2.8 – 2.21, 2.24 , 2.28, 6.1 тармақтары "Шамдар. Жалпы техникалық талаптар"	
190 ¹			разделы МемСТ 34996-2023 5 – 7 бөлімдері "Өрт техникасы. Өрт сөндіруге арналған шамдар. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері"	
190 ²	V бөлімнің тармағы, қосымшаның тармағы	63-84-тепловизорлар	Ресей МемСТ 58446-2019 5.16.4 тармағы "Өрт техникасы. Газ-түтіннен қорғау қызметі тобының жеке құрамын жарактандыруға арналған жабдықтар жиынтығы. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері"	01.03.2028 жылға дейін қолданылады
190 ³	V бөлімнің тармағы, қосымшаның тармағы	63-84-радишамшырақтар , дыбыстық шамшырақтар	Ресей МемСТ 58446-2019 5.10 бөлімшесі "Өрт техникасы. Газ-түтіннен қорғау қызметі тобының жеке құрамын жарактандыруға арналған жабдықтар жиынтығы. Жалпы техникалық	

			талаптар. Сынау әдістері"	01.03.2028 жылға дейін қолданылады
--	--	--	---------------------------	------------------------------------

"

2. Көрсетілген шешіммен бекітілген, Еуразиялық экономикалық одақтың "Өрт қауіпсіздігін және өрт сөндіруді қамтамасыз ету құралдарына қойылатын талаптар туралы" техникалық регламентінің (ЕАЭО ТР 043/2017) талаптарын қолдануға және орындауға қажет сынама алу қағидаларын қамтитын және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалау үшін қажет зерттеулерді (сынақтарды) және өлшеулерді жүргізудің қағидалары мен әдістерін қамтитын халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың тізбесі:

а) мынадай мазмұндағы 62¹ позициясымен толықтырылсын:

"

62 ¹	V бөлімнің 27-тармағы, қосымшаның 16-тармағы	штабтық өрт сөндіру көліктері	МемСТ 34350-2017 "Өрт техникасы. Негізгі өрт сөндіру көліктері. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері"	01.05.2026 жылдан б а с т а п қолданылады
-----------------	--	-------------------------------	--	---

"

б) мынадай мазмұндағы 149¹ позициясымен толықтырылсын:

"

149 ¹	V бөлімнің 42–47, 49-тармақтары, қосымшаның 60-тармағы	өрт сөндірушілерге арналған сүзгіш тыныс алу және көру ағзаларын жеке қорғау құралдары	Ресей МемСТ 58716 -2019 "Өрт техникасы. Ашық ауада табиғи өрттерді сөндіру кезінде қолданылатын, тыныс алу және көру органдарын қорғайтын, өрт сөндіруге арналған сүзгілейтін респираторлар. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері"	01.03.2028 жылға дейін қолданылады
------------------	--	--	---	------------------------------------

"

в) XVI бөлім келесі редакцияда жазылсын:

"

XVI. Өрт сөндірушілердің қосымша жарактары				
			Ресей МемСТ 53270 -2009 "Өрт техникасы. Өрт	

201	V бөлімнің тармағы, қосымшаның тармағы	63-	өрт сөндіру шамдары	сөндіруге арналған шамдар. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері"	01.03.2026 жылға дейін қолданылады
202		84-		МемСТ 4677-82 "Шамдар. Жалпы техникалық талаптар"	
202 ¹				МемСТ 34996-2023 "Өрт техникасы. Өрт сөндіруге арналған шамдар. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері"	
202 ²	V бөлімнің тармағы, қосымшаның тармағы	63- 84-	тепловизорлар	Ресей МемСТ 58446-2019 "Өрт техникасы. Газ-түтіннен қорғау қызметі тобының жеке құрамын жарақтандыруға арналған жабдықтар жиынтығы. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері"	01.03.2028 жылға дейін қолданылады
202 ³	V бөлімнің тармағы, қосымшаның тармағы	63- 84-	радиошамшырақтар, дыбыстық шамшырақтар	Ресей МемСТ 58446-2019 "Өрт техникасы. Газ-түтіннен қорғау қызметі тобының жеке құрамын жарақтандыруға арналған жабдықтар жиынтығы. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері"	01.03.2028 жылға дейін қолданылады

"